



Пайдаланушы
нұсқаулығы

FR480 ПОРТАТИВТІ БАҒАН

Құрметті сатып алушы!

«Fiero» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сай әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдаланбас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының арналуы

Портативті музыкалық ойнатқыш музыканы ойнатуға арналған, оның ішінде желілік розетка жоқ жерлерде де ойнатады.

Сақтық шаралары

Осы құрылғыны жылу көздеріне, қыздырғыш элементтерге және магниттік өріс өндіретін аспаптарға тікелей жақын жерге орнатпаңыз.

Құрылғыны ылғалдың, жаңбырдың және тікелей күн сәулесінің әсерінен қорғаңыз.

Құрылғыны суға батырмаңыз, құрылғыны су көздеріне тікелей жақын жерде пайдалану кезінде абай болыңыз.

Құрылғыны құлаудан, соққылардан, шайқалудан сақтаңыз.

Құрылғының бүлінуіне және пайдаланушының денсаулығына зиян келуіне жол бермеу үшін құрылғыны оның корпусының ішіне бөтен заттардың түсуінен қорғаңыз.

Құрылғының маңында, сондай-ақ тікелей оның корпусында ашық жалын көздерін орнатпаңыз.

Құрылғыны тұрақсыз және тегіс емес беттерге орнатпаңыз.

Құрылғыға білікті емес манипуляциялар жасау (түрлендіру, жөндеу және т.б.) құрылғыға және Сіздің денсаулығыңызға зиян келтіруі мүмкін. Осы құрылғының құрамында пайдаланушы қызмет көрсететін ішкі элементтер жоқ.

Құрылғының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін желдету саңылауларын бұғаттамауға тырысыңыз. Құрылғыны жұмсақ беттерде (диван, кресло, кілем және т. б.). орналастыру

кезінде ауа айналымын қамтамасыз етіңіз.

Тек түпнұсқа аксессуарларды ғана пайдаланыңыз.

Құрылғыны құлағаннан кейін, сондай-ақ құрылғының көзге көрінетін зақымданулары болған кезде пайдаланбаңыз. Қызмет көрсету орталығына жүгініңіз.

Жұмысында кез келген ақаулықтар анықталған кезде құрылғыны дереу өшіріп, авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну керек.

Құрылғыға күтім жасау үшін құрамында бензин бар заттарды, аэрозольдерді, спирттерді, еріткіштерді және т.б. қолданбаңыз, себебі олар құрылғының элементтеріне, сондай-ақ оның боялған бетіне зиян келтіруі мүмкін. Құрылғыны тазалау үшін тек жұмсақ құрғақ (немесе сәл дымқыл) матаны ғана қолданыңыз.

Музыканы қатты дыбыспен тыңдау есту қабілетіңізге зиян келтіруі мүмкін.

Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсыныстар

АКБ-ның табиғи тозуы

Құрылғыны ұзақ сақтаған және пайдаланған кезде аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша – «АКБ») заряды мен сыйымдылығын жоғалта бастайды. Құрылғыны пайдалану кезінде 300 зарядталу-зарядсыздану циклінен кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдалану), АКБ сыйымдылығы номиналды мәнінен 80 %-ке дейін төмендеуі мүмкін. 400 зарядталу-зарядсыздану циклінен кейін АКБ сыйымдылығы номиналды сыйымдылығынан 60%-ке дейін төмендеуі мүмкін.

Сыйымдылықтың көрсетілген шектерде және уақыт кезеңдерінде ішінара төмендеуі – бұл ақаулық болып табылмайтын АКБ табиғи тозуы.

АКБ тіпті құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да зарядын жоғалтады. Зарядының өздігінен таусылуы айына шамамен 5% құрайды. АКБ өз құрылысы бойынша ұзаққа шыдамайды және пайдаланылғанына немесе пайдаланылмағанына қарамастан үнемі тозады. Температура неғұрлым жоғары болса және заряд шамасы (сақталу тұрғысынан) 40%-ға

тең деп саналатын «оңтайлы» мәнінен неғұрлым алшақ болса, деградация да соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, онда зарядты 40-50% деңгейінде ұстаған жөн.

Аккумулятор батареясының зарядталу/зарядсыздану қабілетін оған орнатылған контроллер басқарады. Түпнұсқа жиынтықтың құрамына кірмейтін сыртқы зарядтау құрылғыларына мәжбүрлі түрде «жылдам зарядтау» режимдеріне қосуға мүлде болмайды, өйткені зарядтау мен зарядсыздандыру токтары шектелген.

АКБ-ның «жад әсері» деп аталатын қасиеті жоқ. АКБ-ны кез келген заряд деңгейінен бастап зарядтауға/зарядсыздандыруға болады. Құрылғылардың көбінде зарядталу/зарядсыздану дәрежесі бойынша шектеу қойылған – егер, мысалы, заряд 90 %-тен көп болса, контроллер АКБ зарядталуына мүмкіндік бермеуі мүмкін. Сонымен қатар ол АКБ элементтерінің («қатты зарядсыздану» әсерінен) істен шықпауы үшін, оның зарядының толығымен таусылуына мүмкіндік бермейді. Егер АКБ зарядсызданған күйінде 2 апта және одан көп уақыт болса, оның элементтерінде сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі орын алады, соның салдарынан АКБ-ның өзі істен шығады.

Егер құрылғының АКБ таусылған болса және ол біраз уақыт пайдаланылмаған болса, онда құрылғының жұмысын қалпына келтірмес бұрын, оны шамамен 1-2 сағатқа зарядтау құрылғысына қосулы қалдырған жөн.

Тек түпнұсқа аксессуарларды ғана пайдаланыңыз

Зарядтау құрылғысы тиісті ағытпада тұрғанына көз жеткізіңіз. Олай болмаған жағдайда құрылғы зарядталмайды. Желідегі кернеу мен қуаттың деңгейі зарядтау құрылғысының номиналды кернеуі мен қуатына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

Температуралық режимді сақтаңыз

АКБ зарядталған күйінде +15 °C мен + 35 °C температура аралығында сақталуы керек. АКБ-ның қоршаған ортаның температурасы өте жоғары (+50 °C-ден жоғары) және өте төмен (-30 °C-ден төмен) болған кезде ұзақ уақыт пайдалануға шыдамайды. Құрылғыны тікелей күн сәулесі әсерінен сақтаңыз және оны электр жылытқыштары сияқты жылу көздеріне тым жақын жерде қалдырмаңыз.

Зақымдану іздері бар АКБ-ны бөлшектемеңіз, өртемеңіз, пайдаланбаңыз

Ешбір жағдайда АКБ-ны өзіңіз бөлшектемеңіз және олардың элементтерін өзіңіз зарядтамаңыз, мұны білікті мамандар жасауға тиіс. Элементтердің тесілуі немесе майысуы ішкі қысқа тұйықталуға, кейін тұтануға және жарылуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусы ашылып қалған кезде элементтің ішіне су түсуі мүмкін немесе атмосфералық ылғал конденсатталуы мүмкін, бұл сутегі бөлініп шығатын реакцияларға және тұтануға әкелуі мүмкін.

Бүлінген АКБ адам денсаулығы үшін зиянды заттарды бөледі.


Егер АКБ штаттық режимде жұмыс істеуін тоқтатқан, қандай да бір себеппен пішіні өзгерген (ісініп кеткен, солып қалған) жағдайда, дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз.

HAZAR АУДАРЫҢЫЗ: нақты жұмыс уақыты көрсетілгенге сәйкес келмеуі мүмкін. АКБ зарядтау циклдерінің саны шектеулі болуы мүмкін және біраз уақыт өткеннен кейін ауыстыру қажет болуы мүмкін (АКБ шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). АКБ жұмыс уақыты пайдалану режиміне және теңшеулеріне байланысты.

Батарея оңтайлы жұмыс істеуі үшін мына ережелерді сақтаңыз:

- Егер батарея жаңа болса немесе ұзақ уақыт бойы қолданылмаса, әдеттегіден көбірек уақыт зарядтау қажет болуы мүмкін. Егер батареяның кернеуі құрылғыны қосу үшін жеткіліксіз болса, құрылғыны ұзағырақ зарядтаңыз.
- Құрылғыны бөлме температурасында зарядтаңыз.
- Егер құрылғы жағымсыз иіс шығарса немесе қызып кетсе, оны зарядтауды дереу тоқтатыңыз.

Құрылғының схемасы



1. «Төмен жиіліктерді күшейту / Жоғары жиіліктерді күшейту» түймесі.
2. Қосу батырмасы.
3. Жарық индикаторы.
4. «Дыбысын ұлғайту / Келесі трек» батырмасы.
5. «Ойнату / Пауза / Қоңырауға жауап беру» батырмасы.
6. «Дыбыс деңгейін азайту / Алдыңғы трек» батырмасы.
7. Қосу режимін ауыстырып қосу батырмасы (Желілік кіріс/Bluetooth/USB).
8. Белдікшені ыңғайлы сақтауға арналған арнайы бөлік.
9. Жүйені қайта жүктеуге арналған саңылау.
10. AUX-IN желілік кірісі.
11. USB порты.
12. Зарядтауға арналған USB Type-C порты.

Ойнатуды басқару

- Қосу: қуат батырмасын ⏻ 3 секунд басып, ұстап тұрыңыз.
- Өшіру: қуат батырмасын ⏻ 3 секунд басып, ұстап тұрыңыз.
- Дыбыс деңгейін азайту: — батырмасын басып, ұстап тұрыңыз.
- Дыбыс деңгейін арттыру: + батырмасын басып, ұстап тұрыңыз.
- Алдыңғы трек: — батырмасын басыңыз.
- Келесі трек: + батырмасын басыңыз.
- Ойнату / Пауза: ▶| батырмасын бір рет басыңыз.
- Желілік кіріс / Bluetooth / USB режимдерін ауыстыру: режимді ауыстыру батырмасын ↔ бір рет басыңыз.
- AUX-кабелін қосқан кезде құрылғы автоматты түрде «AUX-IN» режиміне ауысады, Bluetooth режиміне қолмен ауысу үшін, режимді ауыстыру батырмасын ↔ бір рет басыңыз.

Bluetooth режимінде қоңырауларды басқару

Кіріс қоңырауға жауап беру: ▶| батырмасын бір рет басыңыз. Қоңырауды қабылдамау: ▶| батырмасын басып, ұстап тұрыңыз.

Қоңырауды аяқтау: ▶| батырмасын бір рет басыңыз.

Төмен немесе жоғары жиіліктерді күшейту

Төмен жиіліктерді күшейту режимін қосу үшін «Төмен жиіліктерді күшейту / Жоғары жиіліктерді күшейту» ① батырмасын бір рет басыңыз.

Жоғары жиіліктерді күшейту режиміне ауысу үшін «Төмен жиіліктерді күшейту / Жоғары жиіліктерді күшейту» ① батырмасын тағы бір рет басыңыз.

Жиіліктерді күшейтуді өшіру үшін «Төмен жиіліктерді күшейту / Жоғары жиіліктерді күшейту» ① батырмасын тағы бір рет басыңыз.

Құрылғыны зарядтау

Алғашқы қолданар алдында құрылғыны толықтай зарядтаңыз.

Аккумулятор зарядының деңгейі < 3 % болғанда, құрылғы автоматты түрде өшеді.

Зарядтау кезінде жарық индикаторы қызыл түспен жанып тұрады. Құрылғы толық зарядталған кезде индикатор сөнеді.

Bluetooth арқылы түйіндестіру

- Қосылатын құрылғы Bluetooth функциясының қолданылу диапазонында тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны қосыңыз, жарық индикаторы көк түспен тез жыпылықтайды.
- Құрылғыңызда Bluetooth режимін белсенді етіңіз, қолжетімді қосылыстар тізімінен «Fiego FR480» таңдаңыз. Экрандағы сыбыр сөздерді орындаңыз.
- Түйіндестіру аяқталған кезде жарық индикаторы жыпылықтамай, көгілдір түспен жанады.
- Құрылғымен жұпты үзу үшін, — және + батырмаларын бір мезгілде басып, ұстап тұрыңыз, жарық индикаторы тез жыпылықтай бастайды.

AUX-IN желілік кірісі

- Колонканы қосып, оған мобильдік құрылғыңызды AUX кабелі (жеткізу жиынтығына кірмейді) арқылы қосыңыз.
- Кабельді қосқан кезде құрылғы автоматты түрде «AUX-IN» режиміне ауысады, ал жарық индикаторы көк түспен жанады.
- Ойнатуды құрылғы-көзде басқарыңыз.

Құрылғы жүйесін қайта жүктеу

Егер құрылғы батырмаларды басуға әсер етпесе, зарядтау кабелін ажыратып, жүйені қайта жүктеуге арналған саңылауға инені (диаметрі 3 мм аспайтын) сұғып, батырманы басып, жарық индикаторы сөнбейінше батырманы басылған күйінде ұстап тұрыңыз.

Судан қорғау

Бұл құрылғы IPX6 су өткізбеу стандартына сәйкес келеді.

Осы су өткізбеу стандартына сай келетін өнім кез келген ауа-райының әсерінен қорғалған: жаңбыр тамшылары, су төгілуі және су ағындары колонкаға зиянды әсер етпейді, алайда құрылғыны толықтай суға немесе өзге сұйықтықтарға батыру оны істен шығаруы мүмкін.

МАҢЫЗДЫ: құрылғыны су әсері болуы мүмкін ортада пайдаланбас бұрын, құрылғыға қосылған барлық кәбілдерді ажыратыңыз, сондай-ақ ағытпалардың бітеуіші тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.

Техникалық сипаттамалары

- Модель: FR480.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0
- Қолдау: A2DP, AVRCP, HFP, HSP.
- Bluetooth қолданылу радиусы: 10 метрге дейін.
- Шығыс қуаты: 30 Вт.
- Жиілік диапазоны: 65 Гц – 15 кГц.
- «Сигнал/шу» қатынасы: ≥ 95 дБ.
- Динамиктердің параметрлері: 15 Вт x 2, 4 Ом, 57 мм.
- Аккумулятордың параметрлері: Li-ion, 7,4 В === 5000 мА·сағ.
- Қуат адаптерінің параметрлері: DC, 5 В, 1 А.
- Жұмыс уақыты: 10 сағатқа дейін.*
- Зарядтау уақыты: 5 сағатқа дейін.
- Судан қорғаныш дәрежесі: IPX6.
- AUX желілік кірісі.

- USB-порт.
- Өлшемдері: 223 x 90 x 90 мм.
- Жиынтықтылығы: портативті колонка, зарядтауға арналған USB Type-C кабелі, пайдаланушы нұсқаулығы.

* Ойнату уақыты дыбыс қаттылығы мен музыка сапасына байланысты.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімдері

Проблема	Ықтимал шешімі
Құрылғы қосылмайды.	Аккумулятор зарядының деңгейі төмен.
Колонка Bluetooth-құрылғыға қосылмайды.	Қосылатын құрылғы A2DP профилін қолдайтынына көз жеткізіңіз.
	Құрылғы Bluetooth сигналының қолданылу радиусында тұрғанына көз жеткізіңіз.
	Колонка түйіндестіру режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз (жарық индикаторы көгілдір түспен жыпылықтайды).
Дыбыс жоқ.	Екі құрылғының да дыбыс қаттылығы деңгейін тексеріңіз.
	Колонка құрылғыға қосылғанына көз жеткізіңіз (индикатор көгілдір түспен жанады).
Дыбыс сапасы нашар.	Құрылғыны колонкаға жақынырақ орналастырыңыз, ықтимал кедергілерді жойыңыз.

Егер жоғарыда сипатталған әрекеттерден проблема шешілмесе, авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.

Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C-тан 40 °C-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер булары) болмауға тиіс.

Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.

Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.

Құрылғы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс. Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік заңнамаға сәйкес кейін қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.

Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Хуэйчжоу Шэнькэсиньфэй Тэкнолоджи Ко., Лтд. С ғим., Танся ауд., Чаньцзин д., Синьсуй, Хуэйян ауд., Хуэйчжоу қ., Гуандун провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кедендік одақтың 020/2011 КО ТР «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі мен оның сипаттамалары алдын ала хабарлаусыз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының жиынтықтылығы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

https://www.dns-shop.ru/service-center/

ЕАЭС логотипі.

ЕАЭС логотипі.

ЕАЭС логотипі.

ЕАЭС логотипі.

ЕАЭС логотипі.

ЕАЭС логотипі.

ЕАЭС логотипі.

ЕАЭС логотипі.

ЕАЭС логотипі.

ЕАЭС логотипі.

ЕАЭС логотипі.

ЕАЭС логотипі.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1